



БҰЙРЫҚ

12.05.2010 № 333

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**О расширении доступности  
опиоидной заместительной терапии**

В целях профилактики и снижения передачи ВИЧ-инфекции через инъекционное потребление наркотиков, реализации Соглашения по реализации гранта Глобального фонда по борьбе со СПИД, туберкулезом и малярией (далее – Глобальный фонд) на финансирование проекта «Увеличение доступа к профилактическому лечению, оказание помощи и поддержки людям с ВИЧ/СПИДом, особенно для уязвимых групп населения через увеличение и расширение государственных, НПО и частных партнерских отношений», подписанного 23 июня 2008 года (Грант № KAZ-708-G03-H) (далее - грант), согласно Протоколу совещания с участием членов Межведомственной рабочей группы по опиоидной заместительной терапии (далее - ОЗТ) по результатам внедрения пилотного проекта ОЗТ от 22 декабря 2009 года, утвержденной приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 4 сентября 2009 года № 449 **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Отчет пилотного проекта программы заместительной терапии в Республике Казахстан за 2008-2009 годы.
2. Расширить доступность ОЗТ (метадон) с 1 июня 2010 года до 200 лиц, страдающих опиатной зависимостью, в том числе ВИЧ – инфицированных.
3. Определить местами проведения программы ОЗТ Государственное коммунальное казенное предприятие (далее - ГККП) «Павлодарский областной центр по профилактике и лечению зависимых заболеваний» (Даневич В.Н), Коммунальное государственное казенное предприятие (далее - КГКП) «Городской наркологический диспансер г. Темиртау», (Орымбекова А.К.), КГКП «Восточно-Казахстанский областной наркологический диспансер» (Джампеисов Е.А.) и ГККП «Городской наркологический центр медико-социальной коррекции г. Алматы» (Дубинин Б.Д.) (по согласованию).
4. Генеральному директору ГУ «Республиканский центр по профилактике и борьбе со СПИД» (Слесарев В.Г.) выделить финансирование на проведение программы по ОЗТ (4 региона) в 2010 году, в рамках утвержденного бюджета Глобального фонда.
5. Начальникам Управлений здравоохранения Восточно-Казахстанской области (Иманбаев К.М.) и г.Алматы (Дурумбетов Е.Е.):

0003728

1) подготовить соответствующие помещения в подведомственных организациях для проведения ОЗТ (метадон);

2) обеспечить обучение сотрудников подведомственных организаций, участвующих в программе по ОЗТ.

6. Начальникам Управлений здравоохранения Павлодарской (Кузекон А.М.), Карагандинской (Абилкасимов Е.А.), Восточно-Казахстанской (Иманбаев К.М.) областей и г.Алматы (Дурумбетов Е.Е.):

1) назначить ответственных лиц и обеспечить контроль в подведомственных учреждениях за выполнением программы по ОЗТ;

2) ежемесячно предоставлять в ГУ «Республиканский центр по профилактике и борьбе со СПИД» отчеты по учету лиц, получающих ОЗТ, по расходу/приходу метадона с финансовым отчетом;

3) ежеквартально предоставлять в Республиканское государственное казенное предприятие (далее – РГКП) «Республиканский научно-практический центр медико-социальных проблем наркомании» отчет по результатам выполнения программы ОЗТ.

7. Директору РГКП «Республиканский научно-практический центр медико-социальных проблем наркомании» (далее – РНПЦМСПН) (Ережепов Н.Б.):

1) предоставить научно-методическую базу РНПЦМСПН для обучения специалистов, укрепления наставничества и мониторинга за оценкой программы ОЗТ;

2) создать под руководством РНПЦМСПН техническую группу по расширению ОЗТ в Республике Казахстан в рамках Межведомственной рабочей группы по ОЗТ;

3) представлять в Министерство здравоохранения Республики Казахстан и на совещания Межведомственной рабочей группы по ОЗТ промежуточные и годовые оценки программы;

4) пересмотреть и утвердить до 1 июня 2010 года в соответствии с новыми требованиями Методические рекомендации «Применение метадона в наркологической практике и программах снижения вреда от незаконного потребления наркотиков» от 13 марта 2006 года, утвержденные директором Департамента образования, науки и международного сотрудничества Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

8. Департаменту организации медицинской помощи Министерства здравоохранения Республики Казахстан (Нургазиев К.Ш.) предусмотреть с 2011 года в Государственной программе развития здравоохранения Республики Казахстан "Салауатты Қазақстан" на 2011-2015 годы финансирование на программу ОЗТ.

9. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра Биртанова Е.А.

10. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Министр



Ж. Доскалиев



БҰЙРЫҚ

12.05.2010 № 333

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Апийндық алмастырушы терапияға  
қол жетімділікті ұлғайту туралы**

АИТВ инфекциясының есірткіні инъекциялық тұтыну арқылы берілуін азайту және алдын алу, 2008 жылғы 23 маусымда қол қойылған «Профилактикалық емдеуге, АИТВ/ЖИТС-пен сырқаттанатын адамдарға, әсіресе халықтың осал топтарына мемлекеттік, ҰЕҰ және жеке серіктестік қатынастарды көбейту және ұлғайту арқылы көмек және қолдау көрсетуге қол жетімділікті арттыру» жобасын қаржыландыру үшін ЖИТС-ке, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі ғаламдық қордың (бұдан әрі – Ғаламдық қор) грантын (Грант № KAZ-708-G03-H) (бұдан әрі - грант) іске асыру бойынша келісімді жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 449 бұйрығымен бекітілген 2009 жылғы 22 желтоқсандағы апийндық алмастырушы терапияның (бұдан әрі – ААТ) пилоттық жобасын енгізу нәтижелері бойынша ААТ бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы мүшелерінің қатысуымен өткен мәжіліс хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2008-2009 жылдары Қазақстан Республикасында алмастырушы терапия бағдарламасының пилоттық жобасының есебі бекітілсін.

2. 2010 жылғы 1 маусымнан бастап ААТ-ға қол жетімділік апийнға тәуелділіктен зардап шегетін, оның ішінде АИТВ инфекциясын жұқтырған 200 адамға дейін ұлғайтылсын.

3. ААТ бағдарламасы өткізілетін орындар ретінде «Тәуелді аурулардың алдын алу және емдеу жөніндегі Павлодар облыстық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - МКҚК) (В.Н Даневич), «Теміртау қаласының қалалық наркологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі - КМҚК) (А.К. Орымбекова), «Шығыс Қазақстан облыстық наркологиялық диспансер» КМҚК (Е.А. Джемпеисов) және «Алматы қаласының қалалық медициналық-әлеуметтік түзету наркологиялық орталығы» МКҚК (Дубинин Б.Д.) (келісім бойынша) болып белгіленсін.

4. «ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық» ММ-нің бас директоры (В.Г. Слесарев) 2010 жылы ААТ бойынша бағдарламаны өткізу үшін (4 өңірге) Ғаламдық қордың бекітілген бюджеті шегінде қаржы бөлсін.

5. Шығыс Қазақстан облысының (К.М. Иманбаев) және Алматы қаласының (Е.Е. Дурумбетов) денсаулық сақтау басқармаларының бастықтары:

0003727

1) ААТ (метадон) өткізу үшін ведомстволық бағынысты ұйымдарда тиісті ұй-жайлар дайындасын;

2) ААТ бойынша бағдарламаға қатысатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлерін оқытумен қамтамасыз етсін.

6. Павлодар (А.М. Кузиков), Қарағанды (Е.А. Абылқасымов), Шығыс Қазақстан (К.М. Иманбаев) облыстарының және Алматы қаласының (Е.Е. Дурумбетов) денсаулық сақтау басқармаларының бастықтары:

1) ведомстволық бағынысты ұйымдарда ААТ бойынша бағдарламаға жауапты адамдарды тағайындасын және бақылауды қамтамасыз етсін;

2) ай сайын ААТ қабылдайтын адамдарды есепке алу бойынша, қаржылық есебі бар метадонның шығыс/кірісі бойынша есепті «ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық» ММ-ге тапсырсын;

3) тоқсан сайын ААТ бағдарламасын орындау нәтижелері бойынша есепті «Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі – РМҚК) тапсырсын.

7. «Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК-нің (бұдан әрі – НМӨПРҒПО) директоры (Н.Б. Ережепов):

1) мамандарды оқыту, ААТ бағдарламасын бағалауға мониторинг жасау және тәлімгерлікті нығайту үшін НМӨПРҒПО-ның ғылыми-әдістемелік базасын ұсынсын;

2) НМӨПРҒПО басшылығымен ААТ бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының шегінде Қазақстан Республикасында ААТ кеңейту бойынша техникалық топ құрсын;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне және ААТ бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының мәжілісіне ААТ бағдарламасын аралық және жылдық бағалауды тапсырсын;

4) 2010 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Білім, ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры бекіткен 2006 жылғы 13 наурыздағы «Метадонды наркологиялық практикада және есірткіні заңсыз қолданудан болатын зиянды төмендету бағдарламаларына қолдану» әдістемелік ұсынымдарды жаңа талаптарға сәйкес қайта қарасын және бекітсін.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (К.Ш. Нұрғазиев) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында 2011 жылдан бастап ААТ бағдарламасын қаржыландыруды қарастырсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.А. Біртановқа жүктелсін.

10. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Ж. Досқалиев